

Жетісай ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы

Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 2-8-VII бірлескен шешімі және Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 27 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 28 қаңтарда № 6041 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108-бабының 1, 5-тармақтарына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Жетісай ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жетісай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жетісай ауданының жер қатынастары бөлімі және Жетісай ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімінің бірлескен ұсынысына сәйкес Жетісай ауданы бойынша төмендегі елді мекендерінің шекаралары өзгертілсін:

- 1) 1,37 гектар жер учаскесін, Атамекен ауылдық округі Әлімбетов елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 21,77 гектар;
- 2) 0,43 гектар жер учаскесін, Атамекен ауылдық округі Ғабдулин елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 3,12 гектар;
- 3) 4,6 гектар жер учаскесін, Атамекен ауылдық округі Ғарышкер елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 15,51 гектар;
- 4) 63,89 гектар жер учаскесін, Атамекен ауылдық округі Талапты елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 244,14 гектар;
- 5) 3,33 гектар жер учаскесін Атамекен ауылдық округі Мақташы елді мекені шегін енгізіле отырып, жалпы ауданы 112,57 гектар;
- 6) 24,98 гектар жер учаскесін, Атамекен ауылдық округі Жемісті елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 123,39 гектар;
- 7) 34,9 гектар жер учаскесін, Атамекен ауылдық округі Жеңістің 40 жылдығы елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 190,34 гектар;
- 8) 46,31 гектар жер учаскесін, Атамекен ауылдық округі Қоғалы елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 109,41 гектар;
- 9) 55,56 гектар жер учаскесін, Атамекен ауылдық округі Тыңдала елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 55,56 гектар;
- 10) 54,75 гектар жер учаскесін, Жылы су ауылдық округі Жылы су елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 243,55 гектар;
- 11) 16,61 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Алпамыс елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 90,67 гектар;

12) 18,88 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Байдала елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 95,14 гектар;

13) 17,59 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Бірлік елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 95,46 гектар;

14) 4,49 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Достық елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 93,15 гектар;

15) 48,29 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Жамбыл елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 105,34 гектар;

16) 36,83 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Жаңадала елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 140,67 гектар;

17) 57,9954 гектар жер учаскесін Ш.Ділдабеков ауылдық округі Зерделі елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 57,9954 гектар;

18) 5,37 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Кемер елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 45,58 гектар;

19) 2,91 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Күрішті елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 21,15 гектар;

20) 14,0 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Қызылтаң елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 76,53 гектар;

21) 14,0 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Сайлау елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 89,22 гектар;

22) 22,07 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Сұлубұлақ елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 103,92 гектар;

23) 8,19 гектар жер учаскесін, Ш.Ділдабеков ауылдық округі Сырабат елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 102,42 гектар.

2. "Жетісай аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен қаулы және шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен қаулы және шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Жетісай аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы:

Аудандық мәслихаттың хатшысы:

Ж. Бейсенбаев

Х. Кожбанова

А. Утанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК